

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/EIWC1999>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LOIE5198>

***А. Утегенова**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

*e-mail: assel_de_nur88@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАТЫС БӨЛІГІНДЕГІ ТІЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының батыс аймағындағы тілдердің әлеуметтік-лингвистикалық көріністері қарастырылады. Мақаламыздың мақсаты – Қазақстан Республикасының батыс аймағындағы тілдік жағдайды анықтайтын әлеуметтік факторларды, атап айтқанда, өңір халқының демографиялық параметрлерін, этникалық топтардың қоныстану ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың әлеуметтік-кәсіби стратификациясы мен халықтың жас санаттарын сипаттау. Сонымен қатар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қолданылуына жанама әсер ететін аймақтың географиялық ерекшеліктері, саяси-экономикалық жағдайы, мәдени және тілдік ерекшеліктері сияқты факторлар қарастырылады. Зерттеу жұмысының негізгі материалы ретінде әртүрлі жылдардағы Қазақстан Республикасының Ұлттық санақтарының қорытынды статистикалық мәліметтері қолданылды. Сондай-ақ зерттеуде батыс өңірде жүргізілген Қазақстан Республикасының осы аймағының әлеуметтік құрылымы туралы жан-жақты ақпараты бар әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама нәтижелері қарастырылды.

Зерттеу негізінде автор мемлекеттік тілдің экстралингвистикалық факторлары екіұшытылыққа ие деген қорытындыға келеді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының батыс бөлігінің географиялық жағдайы тілдік жағдайға айтарлықтай әсер етеді, бұл қазақтардың бір аумақта ықшам тұруына және олардың сандық басымдылығына әкелді. Тілдік адалдыққа, тұрғындардың тілдік көзқарастарының өзгеруіне ықпал ететін және тілдік ығысуды азайтатын негізгі динамикалық факторларға

жастар арасындағы білімнің прагматикалық құндылығының артуы, сондай - ақ қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің әртүрлі коммуникативтік салаларда таралуын анықтайтын халықтың әлеуметтік-кәсіби құрылымы жатады.

Кілтті сөздер: тілдік жағдай, факторлық талдау, әлеуметтік факторлар, Ұлттық санақ, әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама, экстралингвистикалық факторлар.

Кіріспе

Тілді сақтау мен дамытудың күрделі әрі көп қырлы проблемасының маңызды аспектілері әртүрлі факторлардың оның қолданысына әсерін зерттеу болып табылады. Белгілі бір тілдің қолданылуы және дамуын жалғастырып отырған тілдік емес болмыстың сипаты мен ерекшеліктерін факторлық талдау арқылы ашу қажеттілігі туындайды. Әлеуметтік-лингвистикада әдетте әлеуметтік немесе экстралингвистикалық факторлар ерекше көрсетіледі. Әлеуметтік контексті талдау үшін көбінесе белгілі бір тілдік бірлестіктің демографиялық көрсеткіштері (сол тілде сөйлейтін халықтың жалпы саны, олардың шоғырлану ерекшеліктері, тіл иелерінің жас сипаттамасы т.б.) қарастырылады. Қоғамның әлеуметтік құрылымы мен оның мәдени-тілдік ерекшеліктерін, оның ішінде тілдік қатынастар, жазбаша дәстүрлер және т.б. параметрлерді талдаудың да маңызы зор [1, 244].

Тілдің әлеуметтік шарттылығы туралы әлеуметтік-лингвистикада көптеген зерттеулер бар, соның ішінде Ю. Д. Дерешиевтің еңбектерін ерекше атап көрсетуге болады. Өз еңбектерінде ол әлеуметтік факторлардың табиғаты мен құрылымын қарастырады, олардың классификациясын көрсетеді. Оның айтуынша, тілдегі барлық элементтер адамдардың нақты тілдік сөйлеу әрекеті жағдайында, әлеуметтік факторлармен өзара араласу кезінде құрылады. Ол әлеуметтік факторды әлеуметтік шындық немесе жүйелендірілген әлеуметтік әрекет ретінде таниды [2, 7]. Мәселен, білім беру саласы, ғылым саласы, саясат, идеология т.б. әлеуметтік факторларға жатады. Сонымен қатар Ю. Д. Дерешиев әлеуметтік фактордың құрылымында субъектіні, әлеуметтік іс-әрекеттің нысанын, тілдік амалдарын, субъектінің мақсаты мен міндеттерін ерекше атап көрсетеді.

Соңғы зерттеу жұмыстарында тілде дамып және қолданылып отырған факторларды «экстралингвистикалық» факторлар деп көрсетеді. Зерттелетін аймақтың әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерін, оның ландшафтық, мәдени, тарихи және басқа да нақты жағдайларын талдау кез келген социоллингвистикалық зерттеудің бастапқы нүктесі болып табылады. Бүгінгі таңда зерттеушілер, негізінен, белгілі бір тілдік жағдайға қатысты жұмыстың

қолданбалы сипатына, нақты ақпаратқа негізделген материалға байланысты детерминанттық факторларды анықтайды және қарастырады [3].

Тілдердің қолданылуының әлеуметтік контекстін кейбір зерттеушілер тілдік және қарым-қатынас жағдайларымен бірге кешенді қарастырады. Әлеуметтік жағдай тілдік жағдайға себепші болады, әрі бұл белгілі бір қауымдастықта әлеуметтік жүйенің бір уақытта қолданылуын білдіреді. Ол саяси-әкімшілік мәртебесінен, саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылым деңгейінен, халықтың этнодемографиялық, әлеуметтік-кәсіби және білім беру өлшемдерінен, ұлттық саясат қағидаларынан, мәдени-тарихи ауқымның ерекшеліктерінен құралады [4, 36–37].

У. Фиерманның айтуынша, соңғы жиырма жылдағы қарқынды демографиялық өзгерістер айтарлықтай тілдік ығысуларға алып келді және оны, негізінен, қазақ халқы санының өсуі мен орыс халқының азаюымен байланыстырады. Бұл факт, әрине, тілдік жағдайдың маңызды сипаттамаларына әсер етеді: сыртқы тілдік жағдай 126 тілмен анықталған, бірақ іс жүзінде 124 тілде сөйлейтін этникалық топтар (қазақ және орыс тілдерінен басқа) халықтың тек 13,2 % құрайды, ал тілдік жағдай екі күшті коммуникативті қазақ және орыс тілдерінің айналасында айқын көрініс табады [5].

Осылайша, факторлық талдау тілдің қызмет ету ерекшелігін, жалпы тілдік жағдайды анықтау үшін өте маңызды. Айта кетейік, мұндай талдау көптілді, көпұлтты мемлекеттер үшін аса маңызды. Мысалы, Қазақстан Республикасы аймақтарындағы тілдік жағдай ұқсас ерекшеліктеріне қарамастан, әрқайсысының өзіндік бірегейлігі мен ерекшелігін анықтайтын ерекше сипаттамаларға ие. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының батыс бөлігіндегі (Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарындағы) тілдік жағдайды атап өткен жөн. Олардың географиялық орналасуы халық санының, оның ішінде титулдық ұлттың сандық басымдылығына, олардың бір аумақта ықшам орналасуына, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлерінің өзгеруіне әкелді. Қазақ тілінің функционалды дамуына ықпал еткен бұл факторлар оның қазіргі жағдайына белгілі бір деңгейде әсер етуде.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуіміздің материалы ретінде әртүрлі жылдардағы Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі ұсынған Қазақстан Республикасының Ұлттық санақтарының қорытынды нәтижелерінің ресми деректері болды: 1999, 2009 және 2021 жж. статистика нәтижелері қазақ тіл иелерінің әлеуметтік базасын анықтау үшін пайдаланылды, кейбір өлшемдер үшін олардың динамикасы әртүрлі жылдар тұрғысынан көрсетілген. 1999 жылғы және 2009 жылғы жинақтарының 2-томдарында білім деңгейі, некеде болуы, ұлттық құрамы және тілдер білу, дін тұту туралы көрсеткіштері,

ал 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының қысқаша қорытындылары ұсынылған [6, 7, 8]. Осы жинақтардағы мәліметтерді жинақтап, талдау арқылы өңірдегі тілдік жағдайдың сипатын анықтадық. Сондай-ақ ҚР батыс бөлігіндегі тұрғындар арасында Google форманы толтыру негізінде жүргізілген әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама нәтижелері де зерттеу жұмысымыздың негізін құрады. Зерттеу барысында статистикалық мәліметтерді жинақтау, талдау, респонденттерден Google форма арқылы жауап алу әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Аймақтардағы тілдік жағдайды сипаттау үшін әдетте келесі белгілердің жиынтығы қолданылады:

– тіл саясатының ерекшеліктері, тілдік заңнамалардың сипаты, тілдердің ресми мәртебесі (мемлекеттік немесе ресми қолданылатын сондай-ақ арнайы және т.б. мәртебелерді бекіту);

– аталмыш тілдік жағдайдың пайда болу тарихы, қолданыстағы тілдік жағдайға әсер етуші сыртқы факторлар (мысалы, Қазақстанның батыс және солтүстік бөліктері Ресеймен шекаралас орналасқан, өңірлер арасында тарихи қалыптасқан тығыз экономикалық және мәдени қарым-қатынастар орнаған, сонымен қатар Ресей мен Қазақстан азаматтарының орыс және қазақ тілдерін қолдануы тығыз шекаралық тілдік байланыстары арқылы да жүзеге асады). Сонымен қатар XX ғасырдың 90-жылдарының басында Ресей мен Қазақстан арасында «ашық» шекара болды, Қазақстанмен шекаралас Ресейдің 10 облыс және бір өлкесінде 22.444 мың орыс, 542 мың қазақ болса, Ресеймен шекаралас Қазақстанның 9 облысында 2.540 мың қазақ және 2.935 мың орыс мекендеді;

– аймақтарда қызмет ететін тілдердің сандық құрамы (көбінесе түрлі тілдер қалалық және ауылдық диаспораларда басым болады; күнделікті өмірде қолданылатын және оқытылатын тілдер, мысалы, шет тілдер және т.б. функционалдық тілдер ажыратылып көрсетіледі);

– тіл иелерінің санымен анықталатын тілдердің демографиялық қуаты (көбінесе тілдік топтың шекаралары этникалық (ұлттық) топтың шекараларына сәйкес келмейді);

– тілдердің функционалдық қуаты, олардың функционалдық арақатынасы және функционалдық басым тілдердің саны;

– тілдік ұстанымдар (тіл иелерінің тілдік бағдары, тілдік адалдық, тілдің беделі, оны үйренуге дайын болу және т.б.);

– осы тілдік жағдайға кіретін тілдердің лингвистикалық арақатынасы, олардың құрылымдық және функционалдық жай-күйі (тиісті салаларда қолдану үшін функционалдық стильдерінің болуы және тұрақтылығы: терминологиялық жүйелердің, жазбаша дәстүрлерінің болуы; тілдердің

жұмыс істеуінің ресурстық және институционалдық қамтамасыз етілуі, яғни сөздіктердің, тілдескіштердің, оқу құралдарының болуы т.б.) [9, 33].

Жоғарыда көрсетілген белгілердің басым көпшілігіне Ұлттық халық санағының халықтың ұлттық құрамы және тілдерді білу деңгейін саралайтын бөлігінде мән берілген. Төменде тілдік жағдайға байланысты Ұлттық халық санағы мәліметтеріндегі статистикалық көрсеткіштерге талдау жасап көрдік.

Алдымен 1999 және 2009 жылдардың статистикалық мәліметтеріне сүйене отырып, төмендегідей көріністі байқауға болады. 1-кестеде Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі қазақ тілін меңгерген қазақтар санының 2009 жылғы ұлттық санақ нәтижесі бойынша сәл кемігендігі байқалады. 1999 жылғы санақ нәтижесі бойынша Ақтөбе облысы бойынша қазақтардың жалпы санының 99,5 %-ы, орыс халқының 68 %-ы, украиндардың 27 %-ы, неміс халқының 32 %-ы, татарлардың 76 %-ы, басқа этнос өкілдерінің 49 %-ы қазақ тілін меңгерген болса, 2009 жылы бұл көрсеткіш өзгеше екенін байқауға болады. Атап айтатын болсақ, облыста қазақ тілін меңгергендердің ішінде ауызша түсінетіндердің саны 98 %-ды, еркін оқи алатындар 95 %-ды, соның ішінде еркін жаза алатындар 91 %-ды құрап отыр. Ал орыс халқының 43 %-ы ауызша сөйлей алатын болса, 12 %-ы еркін оқи алады, 9 %-ы еркін жаза алатындар құрайды. Украиндардың 40 %-ы ауызша түсінетін болса, 10 %-ы еркін оқи алатындықтарын, 8 %-ы еркін жаза алатындықтарын көрсетсе, татарлардың 82-ы ауызша түсінсе, 47 %-ы еркін оқи алады, ал 40 %-ы еркін жаза алады. Неміс халқына келер болсақ, 43 %-ы қазақ тілін ауызша түсінетіндіктерін көрсетсе, 14 %-ы оқи алатындықтарын, 11 %-ы еркін жаза алатындықтарын көрсеткен болатын. Облыстағы басқа этнос өкілдерінің көрсеткіштері бойынша олардың 55 %-ы ауызша түсінеді, 12 %-ы еркін оқи алса, 23 %-ы еркін жаза алады. Атырау мен Маңғыстау облыстарының қазақ тілін меңгеру көрсеткіші анағұрлым жоғары екендігін байқаймыз. 2009 жылғы Ұлттық санақ нәтижелеріне сәйкес Атырау мен Маңғыстау облыстарындағы қазақтардың 99 %-ы ауызша түсінеді, 98%-ға жуығы еркін оқиды, соның ішінде 95%-ы еркін жаза алатыны анықталды. Батыс Қазақстан облысындағы қазақ халқының 99 %-ы ауызша түсінсе, 95,3 %-ы еркін оқи алады, ал 93,6 %-ы еркін жаза алады.

Кесте 1 – 1999 жылғы және 2009 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының батыс өңірі халқының қазақ тілін меңгеру деңгейі

Облыстар	Этностар	Қазақ тілін меңгеру деңгейі					
		1999 жыл		2009 жыл			
		Осы ұлт өкілдерінің жалпы саны	Қазақ тілін меңгергендер	Осы ұлт өкілдерінің жалпы саны	Ауызша түсінеді	Еркін оқиды	Соның ішінде: еркін жазады
Ақтөбе облысы	Қазақтар	482285	480227	448448	439977	426500	407757
	Орыстар	114416	33123	85881	36793	10553	7747
	Өзбектер	566	420	609	545	404	364
	Украиндар	46848	12739	22336	9019	2364	1740
	Татарлар	11675	8902	8186	6736	3895	3258
	Немістер	10721	3435	4441	1931	612	478
	Басқа ұлттар	16047	7762	9876	5230	838	2003
Атырау облысы	Қазақтар	210761	210554	332967	329776	324703	318642
	Орыстар	35339	11072	27690	16823	4702	3511
	Өзбектер	126	83	976	852	570	458
	Украиндар	1366	384	720	406	99	70
	Татарлар	2584	1797	1929	1647	990	842
	Немістер	626	173	395	252	102	79
	Басқа ұлттар	5319	1962	5515	3285	1479	1162
Батыс Қазақстан облысы	Қазақтар	399030	396888	327199	323559	311696	306367
	Орыстар	174018	25224	115461	34941	10395	8064
	Өзбектер	251	156	319	258	184	171
	Украиндар	19634	2694	10554	3498	809	623
	Татарлар	10104	6594	7370	5959	3579	3237
	Немістер	2434	493	1094	427	178	156
	Басқа ұлттар	11332	2667	7236	3273	1400	1381

Маңғыстау облысы	Қазақтар	247644	247615	293425	289607	285202	278917
	Орыстар	46630	7409	33315	14698	4351	3220
	Өзбектер	394	313	1175	1093	774	696
	Украиндар	4124	622	2059	843	190	138
	Татарлар	2490	1593	1415	1129	610	516
	Немістер	554	97	242	119	32	25
	Басқа ұлттар	12833	5131	9399	6542	3072	2513

Келесі кестеде батыс өңірі халқының орыс тілін меңгеру деңгейі екі жылғы Ұлттық халық санақтарының салыстырмалы нәтижелері арқылы көрсетілген. 2-кестедегі мәліметтерге сүйене отырып, 1999 жылғы Ұлттық санақ нәтижесі бойынша Ақтөбе облысындағы қазақтардың 69 %-ы орыс тілін меңгерсе, орыстар мен украиндардың 100 %-ға жуығы орыс тілін меңгергендігі аңғарылады. Дәл осындай көріністі татарлар, немістер және басқа этностардың санақ нәтижелерінен де байқауға болады. 2009 жылғы Ұлттық санақ нәтижесі бойынша орыс тілін ауызша түсінетін қазақтар 92 %-ын, еркін оқи алатындары 82 %-ын құраса, еркін жаза алатындары 75 %-ын құрайды. Орыстар мен украиндардың көрсеткіштері өте ұқсас, 98 %-ы ауызша түсінсе, 96–97 %-ы сәйкесінше еркін оқи алады, 94–95 %-ы еркін жаза алатындықтарын көрсеткен. Татар мен немістердің 98 %-ы ауызша түсінеді, татарлардың 95 %-ы еркін оқиды, 91 %-ы еркін жазады. Ал неміс халқының 97 %-ы орысша еркін оқи алса, 95 %-ы еркін жаза алады. Басқа этнос өкілдеріне келер болсақ, 97 %-ы ауызша түсінетіндіктерін, 93 %-ы еркін оқи алатындықтарын, 90 %-ы орыс тілінде еркін жазатындықтарын көрсеткен. Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстары бойынша орыс тілін меңгергендер 1999 жылғы санақ нәтижесі бойынша орыс халқынан басқа ұлт өкілдерінің 93–99 %-ын құраса, 2009 жылғы санақ нәтижесі бойынша бұл көрсеткіш өзгергенін байқап отырмыз. Орыс тілін ауызша түсінетіндер 68,8–99,1 % аралығын қамтыса, еркін оқи алатындар саны 54,8–97,9 %-ын, соның ішінде еркін жаза алатындар саны 42,5–97,5 %-ды құрайды.

Кесте 2 – 1999 жылғы және 2009 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының батыс өңірі халқының орыс тілін меңгеру деңгейі

Облыстар	Этностар	Орыс тілін меңгеру деңгейі					
		1999 жыл		2009 жыл			
		Осы ұлт өкілдерінің жалпы саны	Қазақ тілін меңгергендер	Осы ұлт өкілдерінің жалпы саны	Ауызша түсінеді	Еркін оқиды	Соның ішінде: еркін жазады
Ақтөбе облысы	Қазақтар	482285	480227	448448	439977	426500	407757
	Орыстар	114416	33123	85881	36793	10553	7747
	Өзбектер	566	564	609	569	468	435
	Украиндар	46848	12739	22336	9019	2364	1740
	Татарлар	11675	8902	8186	6736	3895	3258
	Немістер	10721	3435	4441	1931	612	478
	Басқа ұлттар	16047	7618	9876	5206	774	1932
Атырау облысы	Қазақтар	210761	140840	332967	305214	269112	249380
	Орыстар	35339	35339	27690	26855	26548	25848
	Өзбектер	126	118	976	671	458	415
	Украиндар	1366	1364	720	705	683	668
	Татарлар	2584	2498	1929	1875	1832	1771
	Немістер	626	626	395	385	377	366
	Басқа ұлттар	5319	5172	5515	4930	4567	4367
Батыс Қазақстан облысы	Қазақтар	399030	284393	327199	304819	276791	266673
	Орыстар	174018	174017	115461	113760	113038	112266
	Өзбектер	251	251	319	288	266	261
	Украиндар	19634	19631	10554	10421	10345	10290
	Татарлар	10104	9989	7370	7257	7125	7030
	Немістер	2434	2433	1094	1084	1069	1065
	Басқа ұлттар	11332	11292	7236	7098	6903	6811

Маңғыстау облысы	Қазақтар	247644	175866	293425	257662	229336	215793
	Орыстар	46630	46630	33315	32713	32446	31845
	Өзбектер	394	385	1175	903	644	584
	Украиндар	4124	4124	2059	2026	2013	1978
	Татарлар	2490	2359	1415	1400	1382	1351
	Немістер	554	554	242	238	236	233
	Басқа ұлттар	12833	11998	9399	9147	8646	8272

Өңірдегі ағылшын тілін меңгеру деңгейіне келер болсақ, келтірілген санақ мәліметтеріне сүйене отырып, 3-кестеде төмендегідей көріністі байқаймыз. 1999 жылғы Ұлттық халық санағының нәтижесімен салыстырғанда 2009 жылдың көрсеткіші біршама өзгерген. Атап айтатын болсақ, 1999 жылғы санақ нәтижесі бойынша ағылшын тілін меңгерген қазақтар жалпы халықтың тек 0,3 %-ын құраса, 2009 жылы ауызша түсінетіндер 20 %-ын, еркін оқи алатындар 13 %-ын, ал еркін жаза алатындар 9,6 %-ын құрап отыр. Орыстарға келер болсақ, 1999 жылғы санақ нәтижесі көрсеткендей тек 0,00007 %-ы ағылшын тілін меңгерген, ал 2009 жылы бұл көрсеткіш өзгеріп, 18 %-ы ауызша түсінетіндіктері, 10,5 %-ы еркін оқи алатындықтары, 7,5 %-ы еркін жаза алатындықтары анықталды. Украиндар 1999 жылғы санақ нәтижесі бойынша 0,35 %-ы ғана (Маңғыстау облысында 0 %) меңгергені, ал 2009 жылғы санақ нәтижесі бойынша 11 %-ы ауызша түсінетіндіктері, 6,4 %-ы еркін оқи алатындықтары, 4,6 %-ы еркін жаза алатындықтары белгілі болды. Ал татарлар 1999 жылы 0,7 %-ы ғана меңгерген болса, 2009 жылы бұл көрсеткіш едәуір өскен: 18 %-ы ауызша түсінеді, 11 %-ы еркін оқи алады, 8 %-ы еркін жаза алады. Немістер мен басқа ұлт өкілдеріне келер болсақ, олардың да тек 0,2-0,3 %-ы ғана ағылшын тілін білген болса, 2009 жылы бұл көрсеткіш өзгеріп, немістердің 12,5 %-ын, басқа этностардың 17 %-ын ауызша түсінетіндер, неміс ұлт өкілдерінің 7 %-ын, басқа этностардың 17 %-ын еркін оқи алатындар, немістердің 5 %-ын, басқа ұлт өкілдерінің 8 %-ын еркін жаза алатындар құрап отыр.

Кесте 3 – 1999 жылғы және 2009 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының батыс өңірі халқының ағылшын тілін меңгеру деңгейі

Облыстар	Этностар	Ағылшын тілін меңгеру деңгейі					
		1999 жыл		2009 жыл			
		Осы ұлт өкілдерінің жалпы саны	Қазақ тілін меңгергендер	Осы ұлт өкілдерінің жалпы саны	Ауызша түсінеді	Еркін оқиды	Соның ішінде: еркін жазады
Ақтөбе облысы	Қазақтар	482285	480227	448448	439977	426500	407757
	Орыстар	114416	33123	85881	36793	10553	7747
	Өзбектер	566	5	609	107	72	53
	Украиндар	46848	12739	22336	9019	2364	1740
	Татарлар	11675	8902	8186	6736	3895	3258
	Немістер	10721	3435	4441	1931	612	478
	Басқа ұлттар	16047	8177	9876	5668	1170	2314
Атырау облысы	Қазақтар	210761	1659	332967	67544	40329	31389
	Орыстар	35339	296	27690	6117	2958	2227
	Өзбектер	126	-	976	106	73	35
	Украиндар	1366	14	720	141	65	38
	Татарлар	2584	33	1929	432	231	190
	Немістер	626	8	395	89	41	34
	Басқа ұлттар	5319	1572	5515	7855	1078	907
Батыс Қазақстан облысы	Қазақтар	399030	1838	327199	67003	44458	35057
	Орыстар	174018	1097	115461	17058	9883	7644
	Өзбектер	251	2	319	52	34	27
	Украиндар	19634	77	10554	1235	637	506
	Татарлар	10104	48	7370	1381	886	735
	Немістер	2434	10	1094	186	120	100
	Басқа ұлттар	11332	66	7236	1087	648	533

Маңғыстау облысы	Қазақтар	247644	1812	293425	53205	36409	27456
	Орыстар	46630	844	33315	8570	4681	3449
	Өзбектер	394	2	1175	85	59	48
	Украиндар	4124	-	2059	482	252	182
	Татарлар	2490	39	1415	384	219	180
	Немістер	554	8	242	64	42	30
	Басқа ұлттар	12833	159	9399	2229	1305	1035

Ал 2021 жылғы Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес мемлекеттік тілді білетін халық санының өзгергендігін байқауға болады. 4-кестеде өңірлер бөлінісінде мемлекеттік тілді меңгерген халықтың пайыздық көрсеткіштері берілген. Соған сәйкес Атырау және Маңғыстау облысында тұратын қазақтардың 99,9 %-ы қазақ тілін меңгерген болса, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының сәйкесінше 99,8 % және 99,7 %-ы мемлекеттік тілді жетік меңгергендігін байқаймыз. Өңірдегі орыс халқына келер болсақ, Ақтөбе облысында тұратындарының 63,9 %-ы, Атырау мен Маңғыстау облыстарының орыс тұрғындарының сәйкесінше 40,6 % және 24,2 %-ы, ал Батыс Қазақстан облысының орыс орыс халқы өкілдерінің 31,9 %-ы қазақ тілін меңгергендігі анықталды. Әр облыстың өзбек және татар халықтарының көрсеткіштері өте ұқсас, әрі жоғарылау. Оның себебін түбі бір түркі халықтар екендігімен түсіндіруге болады. Ал украин және немістерге келер болсақ, оекңлардың да көрсеткіштері өзара ұқсастығын байқаймыз: 23,3–42,9 % аралығын қамтып отыр.

Өткен жылдардағы сатистикалық мәліметтермен салыстырғанда 2021жылғы Ұлттық санақ қорытындысына сәйкес мемлекеттік тілді меңгергендер санының едәуір өскендігі байқалады. Мемлекеттік тілге деген қызығушылықтың артуы мен тілдік ығысудың азаюы бірнеше жағдайларға тікелей байланысты деп есептейміз: 1) өңірде қазақтар санының артуы; 2) қазақша оқытатын мектеп, балабақшалар санының көбеюі, 3) елдегі мемлекеттік тілдің мәртебесінің өсуі.

Кесте 4 – 2021 жылғы Ұлттық санақ нәтижелері бойынша мемлекеттік тілді меңгерген Қазақстан Республикасының батыс өңірі халқының пайыздық көрсеткіштері

Өңірлер бөлінісінде мемлекеттік тілді меңгерген Қазақстан Республикасының батыс өңірі халқының пайыздық көрсеткіштері				
Облыстар	Ақтөбе облысы	Атырау облысы	Батыс Қазақстан облысы	Маңғыстау облысы
Этностар				
Қазақтар	99,8%	99,9%	99,7%	99,9%
Орыстар	63,9%	40,6%	24,2%	31,9%
Өзбектер	64,4%	59,1%	45,1%	52,9%
Украиндар	37,6%	43,2%	27,3%	33%
Татарлар	61,5%	56,6%	57,2%	52,2%
Немістер	40,5%	42,9%	26,7%	33,7%

Американ ғалымы У. Фиерман Қазақстан Республикасындағы тілдік ығысуды төмендетуге: қазақ тілінің символикалық рөлін күшейту, жария маңдайшалардың қазақ және орыс тілдерінде қайталануы, көпшілік іс-шараларда қазақ тілінде сөйлеушілернің көп болуы, қазақ тілінде білім беру саласын кеңейту және бұқаралық ақпарат құралдарының салаларында қазақ тілін кеңінен пайдалану өз кезегінде оң әсерін тигізіп жатқандығын атап өткен болатын [10].

Ал өңірде жүргізілген әлеуметтік-лингвистикалық сауалнамаға келер болсақ, аталмыш сауалнама Google форма форматында орыс тілінде құрылды. Сауалнамаға барлығы Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарынан 3690 респондент қатысты. Олардың жас шамасы 13 пен 75 жас аралығын, әрі барлық дерлік әлеуметтік санаттарды қамтиды. Сауалнамаға 12 ұлт өкілдерінен респонденттер қатысты. Қатысушылардың 86,4 %-ын қала тұрғындары құраса, 13,6 %-ын ауыл тұрғындары құрады. Респонденттердің басым бөлігі (72,4 %) ана тілін қазақ тілі деп көрсеткен. Ал тілдерді меңгеру деңгейлеріне келер болсақ, барлық сауалнамаға қатысушылардың 47,4 %-ы қазақ тілін жетік меңгергендіктерін атап көрсеткен, орыс тілін 48,8 %-ы жетік меңгерген болса, ал ағылшын тілін меңгергендер тек 4,4 %-ын құрап отыр. «Үйде, жұмыста, достар арасында, әлеуметтік желілерде қай тілді жиі қолданасыз?» деген сауалдарға жауап берушілердің 36 %-ы үйде, 41,7 %-ы жұмыста, 52 %-ы әлеуметтік желілерде, ал 43,1 %-ы достарының арасында орыс тілінде сөйлейтіндерін ашып айтты.

«Сіздің өңіріңізде қоғамдық өмірдің қай саласында мемлекеттік тіл жиі қолданылады?» деген сауалға жауап берушілердің пікірлері бір жерден

шықпады. Басым көпшілігі (27 %-ы) жоғары, арнаулы орта, орта білім беру саласын көрсетсе, 18 %-ы жегілікті әкімшілік басқару саласын таңдады. Ал жауап берушілердің 13 %-ы бұқаралық ақпарат құралдарын және дәл осындай пайыздық көрсеткішпен әлеуметтік желі және интернет жүйесін таңдаған. Сұхбаткерлердің 11 %-ы мәдени саласын, 8–7%-ын сәйкесінше ісқағаздар мен іскерлік қатынас хаттар және тұрмыстық қызмет көрсету мен сауда салаларын таңдаған болатын. Ал 3 %-ы ғана шаруашылық қызмет саласын белгілеген.

Біздің бақылауымызша, ұйымдардың мамандануы, сондай-ақ бір әлеуметтік-кәсіби ортадағы олардың ұлттық құрамы белгілі бір дәрежеде тілдерді қолдануға өз әсерін тигізетіндігін көрсетеді. Ұжымның этникалық біртектілігіне қарамастан, мемлекеттік басқару органдары, ғылыми және білім беру мекемелері сияқты қызмет салаларында орыс тілі халықтар арасындағы этникалық қарым - қатынас тілі ретінде жиі қолданылады. Бұл ішінара қазақ тілінің әртүрлі функционалды стильдерінің тарлығымен және белгілі бір дәрежеде дамымауымен байланысты. Көрсетілген салаларда орыс тілі нақты сұхбаттасушыға және коммуникативті жағдайларға байланысты, негізінен, күнделікті ауызша қарым - қатынас тілі ретінде жиірек қолданылады.



Сурет 1 – Өңір халқының мемлекеттік тілді қоғамдық өмірдің қай саласында көбірек қолданатыны туралы мәлімет

Қорытынды

Экстралингвистикалық факторларды талдау тілдік жағдайдың әлеуметтік-демографиялық, географиялық және басқа да тілдік жағдай

ерекшеліктерінің бір мәнді емес екендігі және қазіргі мемлекеттік тілдің қолданылуының жағымды да, теріс те әсер ететіндігін көрсетеді. Республика тұрғындарының бір аумақта жинақы өмір сүруі және олардың аумақтағы басқа ұлттардан сандық жағынан басым болуы өңірлердегі қазақ тілінің сақталуына және одан әрі дамуына әсер ететін ең маңызды макрофактор деп санаған жөн. Бұл фактор тілді сақтауға қолайлы жағдай жасайды, оны барлық дерлік коммуникативтік салаларда қолдану қарқындылығына ықпал етеді.

Болашақта теріс салдары болуы мүмкін динамикалық факторларға өңір жастарының білім беру ұстанымдары мен халықтың әлеуметтік-кәсіби құрылымын жатқызуға болады. Біртіндеп өзгеріп жатқан әлеуметтік-кәсіби құрылым, қазіргі тіл иелерін мемлекеттік деңгейде біріктіру, негізінен, орыс және ағылшын тілдерін білуге бағытталған коммуникативті стратегияны қажет етеді. Сондықтан бүгінгі таңдағы негізгі міндет – жастардың өз мәдени мұрасынан бас тартпай, басқа мәдениеттерге бағытталған тілдік сана-сезім деңгейін арттыру болып табылады. Сондай-ақ өңірдегі тілдік жоспарлау халық санағы материалдарына, статистикалық мәліметтерге және аймақтарда жүргізілетін әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып жүргізілуі тиіс.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Михальченко, В. Ю.** Словарь социолингвистических терминов [Мәтін]. – М. : Институт языкознания РАН, 2006. – 312 с.

2 **Дешериев, Ю. Д.** Теоретические аспекты изучения социальной обусловленности языка [Мәтін] // Влияние социальных факторов на функционирование и развитие языка. – М. : Наука, 1988. – 541 с.

3 **Беликов, В. И., Крысин, Л. П.** Социолингвистика: Учебник для вузов [Мәтін]. – М.: Российский государственный гуманитарный университет, 2001. – 439 с.

4 **Баскаков, А. Н., Насырова, О. Д.** Языковые ситуации в тюркоязычных республиках Российской Федерации (краткий социолингвистический очерк) [Мәтін] // Языки Российской Федерации и нового зарубежья: статус и функции. – М. : Эдиториал УРСС, 2000. – 34–129 с.

5 **Fierman, W.** Kazakh Language and Prospects for its Role in Kazakh «Groupness». – Ab Imperio. – 2005. – № 2. – P. 393–423. [Электронды ресурс]. – URL : <https://www.semanticscholar.org/paper/Kazakh-Language-and-Prospects-for-its-Role-in-Fierman/ba205b1d159afa352b58a1d0df9e7a4e28fa2f1a> (Қаралған күні: 05.09.2022 ж.)

6 2009 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық санағының қорытындылары [Электронды ресурс]. – URL : https://stat.gov.kz/for_users/national/2009/region (Қаралған күні: 02.09.2022).

7 1999 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық санағының қорытындылары [Электронды ресурс]. – URL : https://stat.gov.kz/for_users/national/1999 (Қаралған күні: 02.09.2022).

8 2021 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық санағының қорытындылары [Электронды ресурс]. – URL : https://stat.gov.kz/for_users/national/2020 (Қаралған күні: 09.09.2022).

9 **Алтынбекова, О. Б.** Этноязыковые процессы в Казахстане: монография [Мәтін]. – Алматы : Экономика, 2006. – 416 с.

10 **Aksholakova, A., Ismailova, N.** The language policy of Kazakhstan and the state language in government service // Materials of the 3rd World Conference on Learning, Teaching and Educational Leadership (WCLTA-2012). – Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2013. – № 93. – P. 1580–1586. [Электронды ресурс] – URL : <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042813035301> (Қаралған күні: 11.09.2022)

References

1 **Mixaľchenko, V. Yu.** Slovar` sociolingvističeskix terminov. [Dictionary of sociolinguistic terms] [Text] – Moscow : Institut yazy`koznaniya RAN, 2006. – 312 p.

2 **Desheriev, Yu. D.** Teoreticheskie aspekty` izučeniya social`noj obuslovlennosti yazy`ka. [Theoretical aspects of the study of the social conditionality of language] [Text] // Vliyanie social`ny`x faktorov na funkcionirovanie i razvitie yazy`ka. – Moscow : Nauka, 1988. – 541 p.

3 **Belikov, V. I., Kry`sin, L. P.** Sociolingvistika: Učebnik dlya vuzov. [Sociolinguistics: Textbook for Universities] [Text]. – M. : Rossijskij gosudarstvenny`j gumanitarny`j universitet, 2001. – S. 439. Sociolingvistika: Učebnik dlya vuzov. – Moscow : Russian State University for the Humanities 2001. – 439 p.

4 **Baskakov, A. N., Nasy`rova, O. D.** Yazy`kovy`e situacii v tyurkoyazy`chny`kh respublikakh Rossijskoj Federacii (kratkij sociolingvističeskij očerok). [The language situations in the Turkic-speaking republics of the Russian Federation (a brief sociolinguistic sketch)] [Text] // Yazy`ki Rossijskoj Federacii i novogo zarubezh`ya: status i funkcii. – Moscow : E`ditorial URSS, 2000. – P. 34–129.

5 **Fierman, W.** Kazakh Language and Prospects for its Role in Kazakh «Groupness». [Text] – Ab Imperio. – 2005. – № 2. – P. 393–423. [Electronic resource]. – URL : <https://www.semanticscholar.org/paper/Kazakh-Language-and-Prospects->

[for-its-Role-in-Fierman/ba205b1d159afa352b58a1d0df9e7a4e28fa2f1a](#)– (Review date: 05.09.2022).

6 2009 zhy`lgy` Kazakstan Respublikasy`ny`n Ultty`k sanagy`ny`n kory`ty`ndy`lary`. [Results of the National Census of the Republic of Kazakhstan in 2009] [Electronic resource]. – URL : https://stat.gov.kz/for_users/national/2009/region – (Review date: 02.09.2022).

7 1999 zhy`lgy` Kazakstan Respublikasy`ny`n Ultty`k sanagy`ny`n kory`ty`ndy`lary`. [Results of the National Census of the Republic of Kazakhstan in 1999] [Electronic resource]. – URL : https://stat.gov.kz/for_users/national/1999 – (Review date: 02.09.2022).

8 2021 zhy`lgy` Kazakstan Respublikasy`ny`n Ultty`k sanagy`ny`n kory`ty`ndy`lary`. [Results of the National Census of the Republic of Kazakhstan in 2021] [Electronic resource]. – URL : https://stat.gov.kz/for_users/national/2020 – (Review date: 09.09.2022).

9 **Alty`nbekova, O. B.** E`tnoyazy`kovy`e processy` v Kazaxstane : monografiya [Ethnolinguistic Processes in Kazakhstan: Monograph] [Text]. – Almaty` : E`konomika, 2006. – 416 p.

10 **Aksholakova, A., Ismailova, N.** The language policy of Kazakhstan and the state language in government service [Text] // Materials of the 3rd World Conference on Learning, Teaching and Educational Leadership (WCLTA-2012). – Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2013. – № 93. – P. 1580–1586. [Electronic resource]. – URL : <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042813035301> – (Review date: 11.09.2022).

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

**А. Утегенова*

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
Республика Казахстан, г. Актөбе.

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ЯЗЫКОВ В ЗАПАДНОМ РЕГИОНЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В данной статье рассматриваются социолингвистические аспекты функционирования языков в западном регионе Республики Казахстан. Цель нашей статьи – охарактеризовать социальные факторы, определяющие языковую ситуацию в западном регионе Республики Казахстан, в частности демографические параметры

населения региона, особенности расселения этнических групп, а также их социально-профессиональную стратификацию и возрастные категории населения. В то же время рассматриваются такие факторы, как географические особенности, политико-экономическое положение, культурные и языковые особенности региона, косвенно влияющие на использование казахского, русского и английского языков. В качестве основного материала исследовательской работы использованы итоговые статистические данные национальных переписей Республики Казахстан за разные периоды. Также в исследовании были рассмотрены результаты проведенного в западном регионе социолингвистического опроса, содержащие исчерпывающую информацию о социальной структуре данного региона Республики Казахстан.

На основании проведенного исследования автор приходит к выводу, что экстралингвистические факторы государственного языка неоднозначны. На сегодняшний день географическое положение западной части Республики Казахстан оказывает существенное влияние на языковую ситуацию, что обусловило компактное расселение казахов на одной территории и их численное превосходство.

К основным динамическим факторам, способствующим изменению языковой лояльности, языковых установок населения и снижению языкового сдвига, относятся повышение прагматической ценности образования среди молодежи, а также социально-профессиональная структура населения, определяющая распространение казахского, русского и английского языков в различных коммуникативных сферах.

Ключевые слова: языковая ситуация, факторный анализ, социальные факторы, Национальная перепись населения, социолингвистический опрос, экстралингвистические факторы.

**A. Utegenova*

Aktobe Regional University named after K. Zhubanov,
Republic of Kazakhstan, Aktobe.

Material received on 09.06.23.

SOCIOLINGUISTIC ASPECTS OF THE FUNCTIONING OF LANGUAGES IN THE WESTERN REGION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

This article deals with the sociolinguistic aspects of the functioning of languages in the western region of Kazakhstan. The purpose of our article is

to characterize the social factors determining the language situation in the western region of Kazakhstan, in particular the demographic parameters of the population of the region, the peculiarities of the settlement of ethnic groups, as well as their socio-professional stratification and age categories of the population. At the same time such factors as geographical features, political and economic situation, cultural and linguistic features of the region, which indirectly influence the use of the Kazakh, Russian and English languages, are considered. As the main material of the research work, the final statistical data of the national censuses of Kazakhstan for different periods were used. The study also considered the results of a sociolinguistic survey conducted in the western region, which contains comprehensive information about the social structure of this region of Kazakhstan.

The main dynamic factors contributing to the change in language loyalty, language attitudes of the population and the decrease in language shift include the increasing pragmatic value of education among young people, as well as the socio-professional structure of the population, which determines the distribution of Kazakh, Russian and English in various communicative spheres.

Keywords: language situation, factor analysis, social factors, National Census, sociolinguistic survey, extralinguistic factors.

Теруге 09.06.2023 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 22,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4100

Сдано в набор 09.06.2023 г. Подписано в печать 30.06.2023 г.

Электронное издание

3,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 22,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4100

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz